

Білім жолын алға жетелеу үшін студенттердің белсенділігін арттыруға ұсыныстар

Баршаңызға қайырлы күн! Мен, Наукенов Ұлан Аманғазыұлы, Қазақстан студенттер Альянсының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасымын.

Жалпы, кез-келген елдің болашағы жарқын, аспаны ашық болу үшін өмірлік қағида-құндылықтары мықты, әрі белсенді жастары болу керек. Жастар болашақтың кілті, қозғаушы күші. Ал, қазіргі кезде еліміздің жастарының біраз бөлігін студенттер құрайды. Барлық сала мамандары, үйдегі ата-ана, ел басындағы аға-әпкелер, барлығы да студенттік шақтан өткен. Ал, мектепте оқып жүрген оқушы- ертеңгі студент. Айта кету керек, көптеген пайдалы әдеттер, білім-ғылымға қызығушылық, белсенді өмір салты, осы студенттік кезеңнен бастау алады және алдағы өміріне әсер етеді. Студенттік белсенді өмір - ел үшін де, тұлға үшін де маңызды кезең!

Еліміздің барлық өңірлерінен арман қуып келетін студент жастардың Нұр-Сұлтан қаласында белсенділік көрсетуі өте жоғарғы деңгейде. Олар (студенттер) ерікті ретінде түрлі маңызы бар шараларға немесе университеттің беделін арттыратын ұйымдарға мүше болып, өздерінің жоғарғы оқу орындарының беделін асқақтатуда. Өнерге, ғылымға жақын, өзін дамыту үшін, жұмысын ел алдына ұсыну үшін мүмкіндіктер өте көп. Мұның барлығы білім жолында жасалынып жатқан жұмыстардың нәтижесі деп білемін.

Негізінен жастар басқа қалаға келгенде үйренісуі қиын болады. Себебі жаңа орта, үйлерінен ұзақ уақытқа немесе басқа жақта тұрып көрмеуіне байланысты. Оның үстіне, университет қабырғасында өтілетін пәндер үлкен еңбекті талап етеді. Сондықтан сабақтан бөлек, бос уақытты тиімді пайдалану үшін активисттік орталар маңызды рөл атқарады. Өйткені, активисттік өмір - жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер.

Ендігі мәселе, мұны студенттерге жеткізу. Келесі айтарымды ұсыныс деп білерсіздер. Студенттерге 1-ші курсқа келген кездерінде профориентациялық жұмыстар жүргізілуі керек. Белсенді студенттік өмірді сүру үшін қайда және кімге бару керек екені түсіндірілу қажет. Ол үшін әр университеттен жауапты қызметкер тағайындалып, соңында жұмыс нәтижесін білу үшін анонимді тест алу керек. Міне, сонда ғана жылдам, әрі нәтижелі жұмыс болады. Бірақ студенттер белсенді болуына кедергі мәселелер тәмам емес.

Біріншіден Қазақ тілінің кеңінен қолданылуына жағдай жасауымыз қажет. Шыңғыс Айтматов айтқандай “Тілі мәңгі жасаған халық өзі де өлмейді”. Университеттерде қазақ тілі бірінші орынға қойылып, қазақ топтарында сабақ тек қазақ тілінде өтілуі керек.

Әлихан Бөкейханов “Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады” деген , университет қабырғасында ел саясаты және жаһандық саясат туралы еркін қозғауға мүмкіндік берілсе, ой алмасу сағаттары өтілсе студенттеріміздің саясатқа деген қызығушылығы артпақ. Еліміздің болашағы жарқын болады деген ойдамын.

Жалпы білім беру саласын одан әрі жан-жақты дамыту үшін, мысал ретінде педагогикалық мамандықтарға арналған - педагогикалық мамандықты тереңірек дамытып болашақта білікті, білімді педагогтар шығару мақсатында құрылған көптеген жобалар, гранттар, стипендиялар бар (мысалы, Ректор стипендиясы, Алтынсарин академиясы). Бұл жобалар бір жағынан студенттерді жігерлендіру мақсатында, яғни, стипендиямен және сонымен қатар белсенді болған студенттерді еліміздің көрікті жерлерін бірге демалыстарға апаратын кішігірім өзара турларды қарастырады. Ең бастысы, жалпы болашақ «Педагогтар» қандай болу керек деген мақсатта жұмыс жасайды. Студенттердің жан-жақты дамуына қолайлы мүмкіндіктер береді.

Менің бұнымен айтқым келіп тұрғаны, сол сияқты басқа салада, мамандықта оқып жатқан студенттер өте көп, бірақ сол мамандықтар бойынша бұндай жобаларды, өкінішке орай естімедім, жоқтың қасы. Басқа пайдасы жоғары мамандықта, технологиялық немесе ауылшаруашылық, инженерлік саласында оқып жатқан студенттер үшін және студенттің өз мамандығына сүйіспеншілігін арттыру, жігерлендіру мақсатында сондай жобаларды мемлекет тарапынан қолға алып ашса, бұл студенттердің жан-жақты дамып және өз мамандығы жайында терең білім алып, болашақта студенттер өз мамандығымен жұмыс жасау үшін өте пайдалы дүние болар еді.

Тағы да бір ұсынарым - кітап сапасы. Берілген тапсырмаларды орындау үшін қазақ тіліндегі сауатты жазылған кітаптар өте аз және болған жағдайда, орыс тілінен аударылғандықтан мағынасы өте саяз . Әрине, дамыған заман 21 ғасыр, бірақ әлеуметтік желілерде де қазақ тілінде мәліметтер өте аз болуына байланысты орыс тілінен немесе ағылшын тілінен аударуға тура келеді. Сол жағына да көңіл бөлу керекпіз деп ойлаймын.

Келесі өзекті мәселе, студенттер жалға алып тұратын үйлердің бағаларының қымбат болуы. Студенттер өз-өздерін қамтамасыз ету үшін жалақыға жұмысқа тұрады. Сол себепті белсенді студенттік өмірден қол үзеді. Ал, мемлекет белсенді жасты жоғалтады. Әлбетте, ата-аналары студент балаларына көмектеседі. Бірақ, ол көмектен бастартатын студенттер жетерлік.

Студенттер жақсы табыс табу үшін бастапқыда тек дипломның аздық ететінін түсініп отыр. Өз ісінің маманы болу үшін social skills-тарды дамыту керек. Біздің мақсатымыз-студенттерге көмек көрсету. Ал, біз көмек бере алатын нәрсе: студенттердің мәселелерін тиімді шеше білу. Заманауи мәселелер заманауи шешімдерді қажет етеді. Студенттердің «skills-ын» дамыту мақсатында- CMM, IT, PR секілді салалардың шеберлері ментор болатындай кездесулер өткізуді қажет деп білемін.

Өзім маңызды деп білетін тағы бір мәселе бар. Ол-билет бағасы. Өз қаласына емес, басқа қалаға оқуға түскен студенттердің үйіне қайтатын және оқуы үшін басқа қалаға баратын уақытын билет бағамын реттейтін кісілер аңдып отыратын сияқты. Бұлай деуімнің себебі мынада: студенттер өз үйлеріне барып келетін уақытта әуе қатынас, жол қатынас билеттері қымбаттайды. Екі-үш есеге қымбаттап кеткен билеттерді сатып алуға мәжбүр студенттер өте көп.

Сонымен қатар көңіл қуантарлық дүниелер де аз емес. Студенттердің белсенді болуға деген құлшыныстары жоғары. Оны өзімде байқаймын. Сенбіліктерде, іс-шараларда және маңызды тұлғалармен кездесулерде, жас буындарды көптеп кездестіруге болады. Студенттердің көпшілігі академиялық мобильділікпен шетелдерде білімін шыңдап келіп жатыр. Ондай жастардың білікті маман болатынына шүбәм жоқ. Өздерін әр қырларынан танытып жүрген студент жастар да жетерлік. Жоғарғы оқу орнына оқуға түскен соң кез-келген студент үшін моральдық тұрғыда қиын болады. Сол кезде жаңа орта, активисттік өмір студенттерді іштей сынудан қорғап қалады! Сол себепті студенттерге барынша жағдай жасалынуы керек. Себебі студент жақсы оқыса және белсенді болса, кейіннен жақсы маман болып шықса, өз еліне көл-көсір пайдасын тигізеді. Осындай студенттердің жетістіктері өз университеттерінің әлеуметтік желідегі парақшаларына жарияланып отырады және белсенді студенттерді жігерлендіру мақсатында студенттердің GPA көрсеткіштеріне қосымша балл қосыл жөн болар еді. Студент жақсы оқып, белсенді болса, жақсы маман болып шығады және өз еліне көл-көсір пайдасын.

Қазақстан-түркі әлемінің бесігі. Түркі елдерінің арасында академиялық мобильділіктің қолжетімді болуына мүмкіндік жасау керек. Мемлекетіміз осы мәселені қолға алса, білім саласына жаңа екпін бергендей болатын еді. Көптеген оқушыларға мотивация, көптеген студенттерге мақсат.

Жастарда ең қажетті ресурс - энергия мен уақыт бар. Соны, ел болашағы үшін, халық тағдыры үшін тиімді пайдалану керек. Ол үшін олардың белсенді болуына мейлінше жағдай жасалуы тиіс. Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы жастардың қолында.

Біз, жастар, Егемен еліміз үшін әрқашан қызмет етеміз!